

БАТЫС транзит

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ УӘДІЛЕТ МИНИСТІРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АҚПАРАТ ҚОҒАМДЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҒЫН АҚПАРАТ ҚОҒАМДЫҚ ТІРКЕУДЕН

2007. 22 11

№ 74157-1910-АК

Министерство юстиции Республики Казахстан
Департамент юстиции города Алматы

22 11

Свидетельство № 74157-1910-АК

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ УӘДІЛЕТ МИНИСТІРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АҚПАРАТ ҚОҒАМДЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТ АРҚЫЛЫ АҒАДАНДЫҚ МЕН
ТОЛЫҚТЫРУ АҚПАРАТ

2007 № 24 05

БҰЙРЫҒЫ

Министерство юстиции Республики Казахстан
Департамент юстиции города Алматы

24 05

27870

2007

“БАТЫС ТРАНЗИТ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

7

Қазақстан Республикасы
Әділет Министірлігі
Алматы қаласы
Әділет Департаменті

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗДЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 07 ж. « 24 » 05 жүргізілді.

БСН 051140000619

Алматы қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. “Батыс транзит” акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі - Қоғам) оның атауын, орналасатын жерін, оны құру және органдары құзыретінің тәртібін, қайта құру және оның қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелерді айқындайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

- мемлекеттік тілде: “Батыс транзит” акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: акционерное общество “Батыс транзит”.

1.3. Қоғамның қысқаша атауы:

- мемлекеттік тілде: “Батыс транзит” АҚ;
- орыс тілінде: АО “Батыс транзит”.

1.4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: - Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 162-Ж.

2. Қоғамның заңдық мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өзінің жеке балансы, банктік шоты бар, өз атынан келісім шарттар жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға әрі жүзеге асыруға және міндеттер қабылдауға, сотта талапкер, жауапкер бола алады.

2.2. Қоғам өзінің атауы бар дөңгелек мөрі, бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге деректемелері бар.

2.3. Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» (одан әрі - Заң) Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге заңнамасын, сондай ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен Қоғам өзінің орналасқан жерінен тыс орындарда заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша өздері туралы Ереже негізінде іс-қимыл жасайтын филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғам және акционерлердің жауапкершілігі

3.1. Қоғам өздерінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлкі шегінде жауаптылықта болады.

3.2. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акцияның құны көлемінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

3.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді әрі тең ретінде және мемлекет оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

4.1. Негізгі қызмет түрлері:

- 1) электр беру желілері мен барлық үлгідегі және кернеулер сыныптарының электр қосалқы станцияларын салу, қайта құру, жөндеу мен пайдалану;
- 2) монтаждау, дәнекерлеу және электр техникалық жұмыстар;
- 3) құрылыс, жер, жөндеу-құрылыс, әрлеу және монтаждау жұмыстары;
- 4) электр станцияларын салу;
- 5) іске қосу-баптау жұмыстары;
- 6) қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлері болып табылады.

Лицензиялауға жататын қызмет түрлерін жүргізу үшін Қоғам заңда белгіленген тәртіппен лицензия алуға міндетті.

5. Қоғамның мүлкі мен капиталы

5.1. Қоғам мүлкі:

- 1) Қоғамның акциясын төлеуге акционерлердің берген мүлкінің;
- 2) оның қызметінің нәтижесінде алынған кірістің;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынған өзге мүліктің есебінен құрылады.

5.2. Қоғам құрылтайшыларының төлейтін жарғылық капиталының мөлшері 300 000 000 (Үш жүз миллион) теңгені құрайды.

5.3. Қоғамның жарғылық капиталын көбейтуге акционерлердің жалпы жиналысының және сот шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен акцияларды шығару және орналастыру арқылы жол беріледі.

6. Акциялар, облигациялар.

Құнды қағаздарды орналастыру шарттары

6.1. Қоғам жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады.

6.2. Қоғам акцияларының жария етілген саны 30 000 (Отыз мың) дана, олардың:

- жай акциялары – 30 000 (Отыз мың) дана.

- артықшылықты акциялары – 0 дана.

6.3. Қоғам құрылтайшылары арасында орналастырылған Қоғам акцияларының саны:

- жай акциялары – 30 000 (Отыз мың) дана,
- артықшылықты акциялары – 0 дана.

6.3. Қоғам құрылтайшылары арасында орналастырылған акциялардың атаулы құны 300 000 000 (Үш жүз миллион) теңгені құрайды.

Бір акцияның атаулы құны 10 000 (Он мың) теңге.

6.4. Жай акциялар акционерге дауыс беруге қойылған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығын беретін акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, акционерлердің Жалпы жиналысының тиісті шешімінің негізінде Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивиденд алу, сондай-ақ Қоғам мүлкінің бір бөлігіне құқығын, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен таратылған жағдайда береді.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қортындылары бойынша жүзеге асырылады.

6.5. Қоғамның артықшылықты акциялары:

- 1) жай акцияларды ұстаушы акционерлердің алдында 500 (Бес жүз) теңге мөлшерінде дивидендтер алуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қоғамды таратқан кезде мүлкінің бір бөлігіне ерекше құқық береді.

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеудің мерзімі - жылына бір рет.

6.6. Төмендегі жағдайларды есепке алмағанда, артықшылықты акция Қоғамды басқаруға қатысу құқын акционерге бермейді:

- 1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылықты акция иесі акционердің құқын шектеуі мүмкін. Осы мәселе туралы шешім орналастырылған артықшылықты акциялардың (төлеп алынғандарды есепке алмағанда) жалпы санының кем дегенде екіден үші шектеуге дауыс берген жағдайда ғана қабылданылды деп саналады;
- 2) Қоғам акцияларының жалпы жиналысы Қоғамды қайта құру не тарату туралы мәселені қарайды;
- 3) артықшылықты акциялар бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзімнің өтіп кетуінен бастап үш ай ішінде толық күйінде төленбесе.

6.7. Акцияларды шығару, орналастыру, айналымға жіберудің шарттары мен тәртібі, сонымен қатар жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

6.8. Қоғам акционерінің:

- 1) Заңмен және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;

- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен белгіленген тәртіппен қаржы есебімен танысуға;
- 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе атаулы құн иесінен өзінің бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғам Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау түскеннен кейін 30 күн ішінде дәлелді жауап алуға;
- 8) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;
- 9) Қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын, оның еркін айналыстағы акцияларын заңнамамен белгіленген тәртіппен артықшылықпен сатып алуға;
- 10) Акционерлердің жалпы жиналысының кезектен тыс шақырылуын талап етуге немесе Акционерлердің жалпы жиналысының кезектен тыс шақырылуынан Кеңес бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы сотқа жүгінуге;
- 11) Директорлар кеңесіне заңнамаға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер ұсынуға;
- 12) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;
- 13) Қоғамның аудитін аудиторлық ұйымның өз есебінен тексеруін талап етуге құқысы бар.

6.9. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында қоғамның тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы.

Миноритарлық акционердің өтініш беру және қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.";

6.10. Қоғам еркін айналыстағы бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

6.11. Қоғам қосымша қаржыларды тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигациялар шығару, орналастыру, айналымға жіберу олар бойынша сыйақылар төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаржыларды пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және облигацияларды шығару проспектісімен айқындалады.

7. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

7.1. Қоғамның таза табысы (салықтарды және басқа міндетті төлемдерді бюджетке төлегеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен белгіленген тәртіппен,

оның ішінде дивидендтерді төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамның дамуына немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен көзделген өзге мақсаттарға жіберіледі.

Жыл қорытындысы бойынша жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу осы Жарғының 27 тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда Қоғам органының шешімін талап етпейді.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді

7.2. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге:

- 1) жеке капиталдың теріс мөлшері болған кезде немесе егер Қоғам жеке капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) егер ол төлеу қабілеттігінің белгілеріне жауап бермесе немесе Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес дәрменсіз болса немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса жол берілмейді.

8. Қоғамның органдары

8.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма төрағасы басқаратын басқарма. Қоғамның бас директоры Басқарма төрағасы болып табылады;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

8.2. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Қоғам акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

8.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезең ішінде қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

8.4. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

- 1) қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;

- 2) қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
- 3) акционерлердің қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің және қоғамның атқарушы органының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және олардың құрамы туралы қоғамның акционерлеріне хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.

8.5. Акционерлердің Жалпы жиналысының айырықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның жарияланған акцияларын орналастырылмаған түрінде өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) санақ комиссиясының құрам санын және өкілеттілігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Директорлар кеңесінің құрам санын, өкілеттілігінің мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау мен оның мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері және шарттарын анықтау;
- 6) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 7) жылдық қаржылық есепті бекіту;
- 8) 8) Қоғамның есеп беріліп отырған қаржылық жылындағы таза табысты бөлу, тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына арналған есеппен жыл қорытындысы бойынша дивидендтың мөлшерін бекіту;
- 9) Заңның 22 бабы 5-тармағында көрсетілген жағдайлардың болуы кезінде Қоғамның жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлемеу жөнінде шешім қабылдау;
- 10) Қоғамға жататын барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерін хабардар ету нысанын айқындау және осындай хабарды мерзімді ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

- 12) Заңға сәйкес Қоғамның акцияларды сатып алу кезінде оның құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 13) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 14) Қоғам қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін айқындау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын айқындау, егер осындай тәртіп қоғамның жарғысымен айқындалмаса;
- 15) «алтын акцияларды» енгізу және жою;
- 16) корпоративтік басқару кодексін, сондай ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 17) өзге мәселелер, акционерлердің Жалпы жиналысының айырықша құзыретінде Заңға және Жарғыға жататын мәселелер бойынша шешім қабылдау.

8.6. Төмендегі мәселелер бойынша жалпы жиналыстың шешімдері Қоғамның көпшілік дауыс берілетін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешімді қабылдау.

Қалған мәселелер бойынша Жалпы жиналыстың шешімі дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс берілетін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

8.7. Жеке тәртіппен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысында Қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерін талқылау кезінде Қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатысуы және сөз сөйлеуі мүмкін. Көрсетілген тұлғалар акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысу құқығы жоқ.

8.8. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі, оның ішінде тәртіп Заңмен айқындалады:

- 1) акционерлердің жылдық, кезектен тыс және қайталама жиналыстарын шақыру;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқы бар тұлғалардың тізімін жасау;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлерді хабардар ету;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін қалыптастыру және оған кіретін мәселелер бойынша материалдарды дайындау;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау;
- 6) есеп комиссиясын қалыптастыру және қызметі;
- 7) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысының шешімін қабылдау;
- 9) акционерлердің жалпы жиналысында дауысқа салу;

10) акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасын жасау.

8.9. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс, егер жарғыда өзгеше көзделмесе, құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.

8.10. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер компания акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.

8.11. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары төменде аталған бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады:

- 1) “Егемен Қазақстан” газеті;
- 2) “Экспресс К” газеті.

8.12. Заңға және акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіндегі осы жарғыға қатысты мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды Қоғамның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

8.13. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жария етілген акциялар санының шегінде акцияларды орналастыру (іске асыру), оның ішінде орналастыралатын (іске асырылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу мен оларды сатып алу бағасы туралы Қоғамның шешім қабылдауы;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
- 7) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның басшысы мен орынбасарларын сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) атқарушы орган басшысы мен орынбасарларының лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін және еңбек ақы мен сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамы мен жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбек ақы мен сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;

- 10) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 12) Қоғамның филиалдарын құру мен жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 13) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғам міндеттемелерін өзінің жеке капиталының он және одан көп пайызы мөлшерін құрайтын шамасына көбейту;
- 15) алдыңғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушіні таңдауы;
- 16) қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 17) жасалуында Қоғамның мүддесі бар ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 18) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 19) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 20) акционердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын Заңмен және Қоғам жарғысымен көзделген өзге мәселелер.

8.14. Директорлар кеңесін сайлау тәртібі Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

8.15. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қоғамның директорлар кеңесін (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда мыналар: директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қандай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатын-табылмайтындығы көрсетілуге тиіс.

8.16. Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционер мүдделерінің өкілі ретінде сайлануға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлға сайлануы мүмкін. Осындай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы мүмкін.

8.17. Басқарма мүшелері, оның басшысынан басқасы, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма басшысы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

8.18. Қоғамның директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 5 (бес) мүшесінен және оның төрағасынан тұрады, олардың әрқайсының дауыс беруі кезінде бір дауысы болады.

Директорлар кеңесін өткізу үшін кворум 50 және Директорлар кеңесінің мүшелері жалпы санының одан көп пайызын құрайды.

Дауыс беру саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

8.19. Төменде аталған тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

- жоғары немесе орта арнаулы білмі жоқ;
- заңнамамен белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- банкроттық, тоқтатып қою, оңалту, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейінгі бес жыл ішінде осы тұлға басшылық еткен уақытта банкроттық деп танылған немесе тоқтатып қоюға, оңалтуға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның бұрынғы басшы қызметкері.

Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

8.20. Директорлар кеңесін сайлау мен оның қызметінің тәртібі Заңға сәйкес белгіленеді, оның ішінде:

- құрамы және оның өкілеттігі;
- мәжілістерді шақыру мен оны өткізу тәртібі;
- дауыс беру және мәжіліс хаттамасын ресімдеу тәртібі.

8.21. Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға ынтагерлік білдіруге құқы бар тұлғалардың бастамасы бойынша жүргізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талаптар Директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда – атқарушы органға) жазбаша нысанда қойылады және ол дауыс беруге қойылған анық және біржақты жасалған мәселе (мәселелер) болуы тиіс.

Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай нысадағы дауыс беруге арналған бюллетендер мен дауыс беруге енгізілген мәселе (мәселелер) жөніндегі материалдар дауыс беруді өткізу туралы талаптар түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі (таратылады).

Бюллетеньдерде мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы;
- 2) мәжілісті өткізу бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беру үшін бюллетеньдер ұсынудың соңғы күні;

- 4) дауыс беруге қойылған анық және бір жақты жасалған мәселе (мәселелер);
- 5) “иә”, “жоқ”, “қалыс қалды” деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетеньдерді толтыру тәртібі жөніндегі түсініктемелер.

Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдермен бірге жазбаша түрде ресімделеді.

8.22. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасауды атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады, ол басқа органдар мен Қоғамның лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

Басқарма 3 (үш) мүшесінен тұрады.

8.23. Басқарманың мәжілісі қажеттілігіне қарай, айына кемінде бір рет, Басқарманың кез келген мүшелерінің бастамасы бойынша шақырылады.

Басқарма шешімі Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға осы мәжіліске қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қол қояды.

8.24. Басқарманы Директорлар кеңесі тағайындайды. Оның өкілеттігінің мерзімін Директорлар кеңесі оны тағайындаған кезде анықтайды. Басқарма мүшелерін кезекті мерзімге бірнеше рет тағайындауға жол беріледі. Басқарманың, тұтас алғанда немесе жекелеген оның мүшелерінің өкілеттігін негізі бар болған жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі кез келген сәтте тоқтатуы мүмкін.

Басқарманың қызметіне тікелей басшылық жасауды Басқарма төрағасы жүзеге асырады.

8.25. Басқарманың төрағасы:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамның атынан сенім хатсыз әрекет етеді;
- 3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оның мүддесін білдіруге сенім хат береді;
- 4) Қоғам қызметкерлерін (ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда) жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және босатады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және жазалау шараларын қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақылары мен Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес айлық ақыларына дербес үстем ақы мөлшерін белгілейді, Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін анықтайды;
- 5) өздерінің орынбасарлары арасында міндеттемелерін, сондай-ақ өкілеттігі мен жауапкершілігі саласын бөледі;
- 6) өзі болмаған кезде өзінің міндеттерін атқаруды өзінің орынбасарларының біріне жүктейді;

- 7) акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің қарауы үшін қажетті ұсыныстар мен ұсыныстарды әзірлеуді жүзеге асырады және осы органдар қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 8) жарғыға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысына, Директорлар кеңесіне тікелей бекітіліп берілгендерді қоспағанда, Қоғамның мақсат-тарына жету үшін қажетті басқа да кез келген іс-әрекеттерді жүзеге асырады;
- 9) Қоғамның жарғысымен, Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған өзге функцияларды жүзеге асырады.

8.26. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің мүлтіксіз орындалуына жауап береді.

8.27. Басқарма төрағасы атқарушы органның басшысы не қоғамның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адам атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

8.28. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылады.

Қоғамның ішкі аудит қызметі 3 (үш) мүшесінен тұрады және Қоғамның оқшауландырылған бөлімшесі болып табылады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Қоғамның атқарушы органының құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

8.29. Директорлар кеңесінің неғұрлым маңызды мәселелерін қарау және ұсынымдарын дайындау үшін қоғамның ішкі құжатында көзделген өзге мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

9. Қоғамның ақпаратты ашуы

9.1. Қоғам Заңға және осы Жарғыға сәйкес Қоғам акционерлерінің мүддесін қозғайтын өзінің қызметі туралы ақпаратты өз акционерлерінің назарына жеткізеді.

Қоғам мен оның акционерлері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті жариялануға жататын өздерінің

хабарламалары мен басқа ақпараттарды жариялау үшін пайдалануы тиіс бұқаралық ақпарат құралдары “Егемен Қазақстан” немесе “Экспресс К” газеттері болып табылады.

9.2. Акционердің талап етуі бойынша Қоғам акционерге Заңмен көзделген құжаттардың көшірмелерін көрсетуі тиіс.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат қамтылған бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар оның талабы бойынша танысу үшін акционерге берілуге тиіс.

9.3. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша нысанда өтініш жасайды. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам акционер талап еткен ақпаратты өтініш жасаған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде (талап еткен құжаттардың көшірмелерін) ұсынуы міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін ақы төлеу мөлшерін Қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмелерін әзірлеуге кеткен шығыстардың және акционерге құжаттарды жеткізіп беруге байланысты шығыстарға ақы төлеу құнынан аспайды.

9.4. Қоғам өзінің қосылма тұлғаларын есепке алуды осы тұлғалар немесе Қоғамды тіркеуші ұсынған мәліметтер негізінде жүргізеді.

Қоғамның акционерлері мен жауапты тұлғалары Қоғамға қосылмалық туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өздерінің қосылма тұлғалары туралы ақпарат ұсынады.

Қоғам өзінің қосылма тұлғаларының тізімін заңнамамен белгіленген тәртіппен уәкілетті органға ұсынады.

9.5. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

10. Қоғамды қайта құру мен тарату

10.1. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге негіздер бойынша қайта құрылуы және таратылуы мүмкін.

10.2. Қоғамды қайта құру мен тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері басшылыққа алынады.

11.2. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:

“Мехэнергияқұрылыс” ЖШС атынан

Директор

Ибраев

Секен

Ибраев С.Б.



М.О.

Ибраев С.Б.


“KEGOC” АҚ атынан

Директор представительства

Ильясов

Гарматов

Ильясов Г.А.



Ильясов Г.А.



**АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
“БАТЫІС ТРАНЗИТ”**

УСТАВ

город Алматы

1. Общие положения

1.1. Настоящий Устав акционерного общества “Батыс транзит” (далее - Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

1.2. Полное наименование Общества:

- на государственном языке: “Батыс транзит” акционерлік қоғамы;
- на русском языке: акционерное общество “Батыс транзит”.

1.3. Сокращенное наименование Общества:

- на государственном языке: “Батыс транзит” АҚ;
- на русском языке: АО “Батыс транзит”.

1.4. Местонахождение исполнительного органа Общества: - Республика Казахстан, 050008, город Алматы, Алмалинский район, улица Шевченко, 162-Ж.

2. Юридический статус Общества

2.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2.2. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

2.3. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее – Закон), иным законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

2.4. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

2.5. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

3. Ответственность Общества и акционеров

